

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы



ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

2023 ж. ақпан

28.01.2016
№ 95 бұйрық

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 №415 бұйрығы (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілді).

6-тармақ

Біліктілікті арттыру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларын әзірледі, келісуді және бекітуді, педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыруды және бағдарламаларының тиімділігін мониторингілеуді реттейтін ережені ҚР ОМ-не ұсынады

2023.09.01.
№10 бұйрық

РҚББОӘО Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу ережелері әзірленді және директордың 2023.09.01. № 10 бұйрығымен бекітілді

№ 95 бұйрық

34. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог алған кәсіби құзыреттерін оқу процесінде қолданады.

35. Білім беру ұйымының әкімшілігі:

- 1) педагогтің алған құзыреттерін қолдану нәтижелерін қадағалау мақсатында педагог қызметіне мектепішілік бақылау және мониторинг жүргізеді;
- 2) курстан кейінгі қолдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу мақсатында Ұйымға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

36. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар алған білімін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін біліктілікті арттырудан өткен педагогтердің қызметін күнтізбелік бір жыл ішінде курстан кейінгі қолдауды жүзеге асырады

КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ:

<p>Курстарда қалыптастырылған құзыреттерді дамыту жөніндегі қызмет жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) әзірлеу және іске асыру арқылы жүзеге асырылады</p>	<p>Курстан кейінгі қолдау білім беру ұйымының деңгейін, өңірлік деңгейлерді және республикалық деңгейді қамтиды</p>	<p>Білім беру ұйымының әдістемелік бірлестігі жоспарды әзірлеуге көмек көрсетеді</p>	<p>Қажет болған жағдайда жоспар құруда РҚББОӨО әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді</p>
---	--	---	--

Педагогтерді курстан кейінгі қолдаудың мақсаты

- ✓ курстан кейінгі кезеңде педагогтің кәсіби қызметінде сапалы өзгерістерге қол жеткізу, кәсіби құзыреттілікті дамытудың жеке траекториясын құру мен іске асыруда ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету

Міндеттері:



біліктілікті арттырудың курстық және курстан кейінгі кезеңдерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;



РҚББОӘО курстарында алған құзыреттерді практикаға енгізу бойынша педагогті қолдау;



одан әрі кәсіби және мансаптық өсуге педагогтің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін жеке білім беру траекторияларын құру;



педагогтердің практикасына сараптама жүргізу.

Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізудің түрлері:



тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық **көмек көрсету**;



педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық **көмек көрсету**;



педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (байқаулар, жарыстар, конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру шаралары) **өткізу**.

Бірінші кезеңде

білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар жоспарланады	Жоспар ӘБ-де талқыланады және оны ұйым басшысы бекітеді	Жоспарға педагогтің таңдауымен ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, вебинарлар, семинарлар, байқаулар, жарыстар, тренингтер, жеке және топтық консультациялар, жарияланымдар және т.б. әзірлеу және өткізу кіреді (кемінде 3 іс-шара).
---	---	--

Екінші кезеңде

педагог жоспарды жүзеге асырады	ӘБ педагогті сүйемелдейді: жоспарланған іс-шараларды әзірлеу кезінде кеңес береді, оларға қатысады, жұмыстың рефлексиясын ұйымдастырады. Әрбір іс-шара бойынша материалдарды педагог әлеуметтік желілерде жариялайды және РҚББОӘО-на Курс кураторына сілтемесін жібереді
---------------------------------	--

Үшінші кезеңде

педагог оқыту нәтижелерінің презентациясын педагог портфолиосы (немесе оның бөлімі), әдістемелік өнім, әріптестерге арналған семинар және т.б. ұсыну түрінде өткізеді. Нәтижелерді ұсыну Жоспардың іс-шараларын өткізу қорытындылары бойынша Интернет желісінде орналастырылған материалдарға белсенді сілтемелерді қамтуы тиіс	Білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларды іске асырғаннан және оқу нәтижелерін таныстырғаннан кейін ӘБ педагогке өз тәжірибесін ұйым деңгейінде дамытуды жалғастыруды немесе оны аудандық (қалалық), облыстық деңгейде көрсетуді ұсынуы мүмкін
--	--

Егер педагог курстан кейінгі кезеңде қиындықтарға тап болса, қажет болған жағдайда РҚББОӘО педагогті жеке жоспар бойынша сүйемелдейді

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ



ӘБ сараптамалық қорытынды дайындайды



Ұйым деңгейінде өткізілген іс-шараларға оң сараптама жасалған жағдайда педагог **аудандық (қалалық), облыстық немесе республикалық деңгейдегі** іс-шараларды жоспарлайды және іске асырады.



Өңірлік ӘБ педагогке сөз сөйлеуге дайындалуға, практиканы ресімдеуге көмектеседі. Қажет болған жағдайда әдіскерлер педагогтің сабақтарына қатысады, онымен өзара әрекеттеседі, іс-әрекеттің рефлексиясын ұйымдастырады. Әрбір іс-шара бойынша материалдар міндетті түрде білім беру ұйымының **сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылуы тиіс.**



РҚББОӘО тренері Zoom қосымшасы арқылы сабақтарға қатыса алады немесе педагог РҚББОӘО-ға сабақтың жазбасына сілтеме жібереді.



Өңірлік деңгейде табысты баяндама жасау, педагогикалық қоғамдастықтың практиканы қолдауы педагог тәжірибесін республикалық деңгейде таратуға, педагогті аудан (қала), облыстың әдістемелік активіне қосуға мүмкіндік береді.



Республикалық деңгейде РҚББОӘО жыл бойы курстан кейінгі әдістемелік қолдауды ұйымдастырады: педагогтердің республикалық вебинарларға, семинарларға, байқауларға, жарыстарға, конференцияларға қатысуы, «Қосымша білім және тәрбие», «Темірқазық», «Экоалем» журналдарында, РҚББОӘО-ның www.ziyatker.org сайтында оқу-әдістемелік материалдарды орналастырады



РҚББОӘО курстарында оқыған педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау қорытындылары бойынша білім беру ұйымы РҚББОӘО-ға жыл сайын бірінші жартыжылдықта **1 маусымға дейін**, екінші жартыжылдықта **1 қазанға** дейін курстан кейінгі кезеңде педагогтің қызметі туралы жиынтық мәтіндік есеп жібереді

КУРСТАН КЕЙІНГІ МОНИТОРИНГ

КУРСТАН КЕЙІНГІ МОНИТОРИНГТІҢ МАҚСАТЫ

КУРСТАН КЕЙІНГІ МОНИТОРИНГТІҢ МІНДЕТТЕРІ:

сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін бақылау, талдау және бағалау жүйесі

сертификатталған педагогтердің педагогикалық практикасының нақты жағдайын РҚББОӨО Курстары бағдарламаларының күтілетін нәтижелерімен, сондай-ақ курстан кейінгі қолдау мен тиімділік мониторингін талдау нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру туралы шешімдер қабылдау

- 1) РҚББОӨО білім беру бағдарламалары бойынша педагогтердің курстан кейінгі қызметі туралы шынайы және объективті ақпарат алу;
- 2) ақпаратты жинау, жинақтау, жіктеу және талдау технологияларын әзірлеу және қолдану;
- 3) РҚББОӨО Курстарының білім беру бағдарламаларын пысықтау.

Курстан кейінгі мониторинг объектісі – сертификатталған педагогтің кәсіби қызметі

КУРСТАН КЕЙІНГІ МОНИТОРИНГ

РҚББОӨО мынаны қамтамасыз етеді:

деректерді жинау үшін сауалнамалар әзірлеу	педагогтерге сауалнама жүргізу	курстан кейінгі мониторинг үшін пайдаланылатын деректерді жинау	деректерді өңдеу және сақтау	курстан кейінгі мониторинг барысында алынған деректерді талдау және түсіндіру	есепті дайындау
--	--------------------------------	---	------------------------------	---	-----------------

Курстан кейінгі мониторинг жүргізу әдістері:

- сауалнама;
- рейтинг;
- ақпаратты статистикалық өңдеу;
- оқу құжаттамасын және оқу қызметінің өнімдерін зерделеу әдісі;
- ақпаратты түсіндіру және талдау.

- заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану;
- деректерді жинау курстар басталғанға дейін құрылған WhatsApp топтары арқылы педагогтермен байланыс түрінде асырылады

Курстан кейінгі мониторингтің түпкі мақсаты:

курстардың білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу.

РҚББОӨО:

- ✓ курстардың педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне әсері туралы **сауалнама жүргізеді**
- ✓ алынған нәтижелердің дұрыстығы мен өкілдігін қамтамасыз ету үшін **іріктеуді жүзеге асырады**

ІРІКТЕУ КЕЛЕСІ ПАРАМЕТРЛЕР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ:



барлық өңірлердің қосымша білім беру педагогтерінің оқуға қатысуынан пайыздық арақатынасы;



қосымша білім берудің әртүрлі бағыттары мен түрлері бойынша педагогтер оқытуға қатысуының пайыздық арақатынасы;



қалалық және ауылдық қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері олардың оқуға қатысуынан пайыздық арақатынасы



Курстан кейінгі мониторингтің нәтижесі:

- РҚББОӨО Оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады;
- курстардың білім беру бағдарламаларының тиімділігі немесе жетілдірілуі туралы шешім қабылданады.